

Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын, оның қолданылу шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 119 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15460 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу қағидалары, оның қолданылу шарттары бекітілсін.

2. "Банктік заем шарты бойынша өзгермелі сыйақы ставкасын есептеу, қолдану талаптарының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 216 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5475 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 ақпанда "Заң газеті" газетінде № 25 (1448) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 119 қаулысымен
бекітілген

Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу қағидалары, оның қолданылу шарттары

1. Осы Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу қағидалары, оның қолданылу шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамызыдағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес әзірленді және банктік қарыз шарттары бойынша, оның ішінде жеке тұлғалармен жасалатын ипотекалық қарыз шарттары (бұдан әрі – шарт) бойынша екінші деңгейдегі банктар, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – банк) үшін сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу тәртібін және оның қолданылу шарттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі базалық көрсеткіштің және пайыздық тармақтармен есептелетін номиналды шамада пайыздық спред (бұдан әрі – пайыздық спред) мөлшерлемесінің сомасы ретінде айқындалады.

3. Базалық көрсеткіш ретінде:

тенгемен жасалған шарттар бойынша – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін базалық мөлшерлеме;

Ресей рублімен жасалған шарттар бойынша – Ресей Федерациясының Орталық банкі белгілейтін негізгі мөлшерлеме;

АҚШ долларымен жасалған шарттар бойынша – АҚШ Федералдық Резервтік Жүйесі белгілейтін федералдық қорлар бойынша мөлшерлеме диапазонының жоғарғы шекарасы;

еуromен жасалған шарттар бойынша – Еуропа Орталық Банкі белгілейтін негізгі қайта қаржыландыру операциялары бойынша пайыздық мөлшерлеме пайдаланылады.

4. Пайыздық спред мөлшерлемесі банктің шартты жасаған кезде белгілейтін тіркелген мәнін білдіреді және банктің оны азайту жағына қарай өзгерту жағдайларын қоспағанда, өзгертулуге жатпайды.

5. Шарттың қолданылу кезеңінде банк сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін жылына екі реттен көп емес, және құбылмалы мөлшерлеме мәнін соңғы рет қайта қараған күннен бастап алты айдан ерте емес қайта қарайды.

Банк сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерген жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігі қолданылмайды.

6. Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі кезекті қайта қарау кезінде ұлғайтылуы мүмкін шекті мәнді шарттың тараптары оны жасаған кезде айқындейды.

7. Банк шарт бойынша кезекті төлемдер басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей шартта көзделген тәсілмен қарыз алушыны құбылмалы мөлшерлеменің өзгеруі, негізгі борышты, сыйақыны өтеу сомаларын көрсете отырып кезекті төлемдердің мөлшері туралы, келесі өтеу күніне негізгі борыштың қалдықтары, төленуге жататын негізгі борыш пен сыйақының жалпы қорытынды сомалары туралы және олардың жиынтық мәні туралы хабардар етеді.

8. Қарыз бойынша сыйақыны өтеу банктің өтеу күніне белгілеген сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған шарттар бойынша құбылмалы мөлшерлемені есептеу тәртібі, оның қолданылу шарттары олардың талаптарына сәйкес айқындалады.

10. Қарыз алушының өтініші бойынша осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған шарттың талаптарын банк өтініш жасаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып қайта қарайды.